КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 21 маусым № 7119-24-00-2/7099 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

Төрағалық етуші судья А.С.Искалиева,

Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Нұрлыбек» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нұрислам Бекәділұлы Нұрлыбек,
«КВАРТЕТ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Александр Владимирович Пак

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкерлер «Нұрлыбек» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нұрислам Бекәділұлы Нұрлыбек, «КВАРТЕТ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Александр Владимирович Пакті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Документ подписан: Искалиева А. С., 21.06.2024

Дата вступления в законную силу: 29.07.2024, судья Искалиева А. С., 01.08.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер «Нұрлыбек» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нұрислам Бекәділұлы Нұрлыбек мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «КВАРТЕТ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Александр Владимирович Пак мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкерлер «Нұрлыбек» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нұрислам Бекәділұлы Нұрлыбектен және «КВАРТЕТ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Александр Владимирович Пактен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге ортақтасқан түрде әр қайсысынан 923 (тоғыз жүз жиырма үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Документ подписан: Искалиева А. С., 21.06.2024

Дата вступления в законную силу: 29.07.2024, судья Искалиева А. С., 01.08.2024

7119-24-3-1/6452